



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Алғашқы монотеизм туралы танымдар:
«енжар Құдай» мен «өлі Құдай»



Дәрістің мақсаты: монотеистік дінде орын алған мифологияның негізгі сюжеттерін ашу.

Дәрістің негізгі терминдері: бастапқы монотеизм, пұтқа табынушылық, тәңіршілдік, «демалушы құдай», «өлтірілген құдай», мифология, иерофания.

Монотеизм («бірқұдайлық» грек сөзі. $\mu\upsilon\omicron\varsigma$ «бір» + $\theta\epsilon\omicron\varsigma$ «құдай») – бір немесе жалғыз Құдай туралы діни түсінік. Дін тарихында кейіннен пұтқа табынумен алмасқан, адамзат дамуының бастапқы сатыларындағы тас ғасырындағы Бір Құдайға сену, Бастапқы монотеизм теориясы бар.

Пұтқа табынушылық (слав. шіркеулік сөзі языцы «халықтар») – христиандыққа қарама-қарсы дәстүрлі және христиандық емес христиандыққа қарама-қарсы діндерді көрсететін христиандықтағы термин. Тар мағынада, пұтқа табынушылық-политеистік, яғни көпқұдайлық дін.

Тәңіршілдік немесе тәңірлік – жаңасөз, Тәңір культі бар еуразия даласының түрік-моңғол көшпенділерінің ислам және будда дініне дейінгі дінінің аты, сонымен қатар, қазіргі кездегі жаңа пұтқа табынушы бағыттың атауы.

Демалушы Құдай – Әлемді жаратқан соң «тірліктен кетіп», өзінің жаратқандарының тірліктеріне араласпайтын Әлемді жаратушы аспан Құдайды бейнелеген дін тарихы мен мифологиядағы термин.

Өлтірілген Құдай – дін тарихы мен мифология термині, адамдарға жақын болған, жақсылық-жаңа білім, жасампаздық, рәсімдер әкеле отырып, өзінің ажалымен өлтірілген Құдайдың кіші ұрпағын бейнелейді.

Мифология (грек. $\mu\upsilon\theta\omicron\lambda\omicron\gamma\iota\alpha$ от $\mu\upsilon\theta\omicron\varsigma$ – аңыз, әңгіме и $\lambda\omicron\gamma\omicron\varsigma$ – сөз, баяндау, ілім) – ежелгі адамның дүниені тануының ерекше формасы және қоршаған орта туралы білімін символдық формада жүйелеу, аңыздар, эпостар т.б. қамти отырып дәстүрді сақтау формасы, сонымен қатар, мифологиялық материалдарды ғылыми пәндер шеңберінде зерттеу.

Иерофания (грек сөз. $\iota\epsilon\rho\omicron\varsigma$, «қасиетті» + грек. $\phi\alpha\nu\omicron\varsigma$, «алау, жарық») – қасиеттіліктің көрінісі, «қасиеттілік, біздің алдымызда көрінген».

Әдетте діндер тарихы пұтқа табынушылықтан бастап, жер мен көктің бастапқы себебі жаратушысы жалғыз Құдайға сенетін монотеизмге (ежелгі грек. «монос» – бір, «теос» – тәңір) бағытталған әрекет ретінде көрінеді. Алайда Вильям Шмид 1912 жылы жарық көрген «Құдай идеясының шығу тарихы» атты кітабында «көпқұдайлықтан бұрын көне монотеизм болған деген идеясын алға тартады: алымсақта адамды, әлемді жаратқан, мын дүниенің барлық тіршілігін жоғарыдан, тым ұзақтан басқаратын Ұлы Бір Құдайды ғана мойындайтын болған дейді. Мұндай Жоғарғы Трансцентті Құдайға деген сенім бүгін де көптеген Африка тайпаларында кездеседі».

Таухид-монотеизм

Полинезия мен Макронезия аралдарында Тангароа – Көк тәңір, яғни аспанның өзі. Мысалы, «Тянь» – Көк аспан түсінігі қытай космогониясы, мифологиясы мен философиясындағы ең маңызды түсініктердің бірі. Сондай-ақ герман-скандинавиялық найзағай тәңірі Тор алғашында «көк тәңірі» деп қарастырылған және оны да Донар деп атаған. Осылайша, тарих бойынша көптеген халықтардың Көктегі бір Құдай түсінігіне ие болғандығы жайлы айта аламыз. Алайда Карен Армстронг «аталған кітабының бірінші бөлімінде: «Адам әлі сыйына алмайтын еді, бұл Құдай ол үшін тым асқақ болатын. Уақыт өте келе ол адамдар жадынан өшіп кетеді. Оған мұқтаждық сезінбегендіктен, Құдай да тым алыстап кетеді де кейін мүлдем жоқ болып кетті», – дейді...

Әлбетте сөз Құдайдың тап мұндай болып ғайып болуы жайында қозғалып жатқан жоқ. Жәй ғана әлемді жаратады, алайда адамдардың күнделікті өміріне араласпайды, жеке құлшылыққа да, қасиетті құрылысы да жоқ, өкілі – абыздары жоқ Құдай әрине уақыт өте келе ұмытылады. Кейбір африкалық тайпалар оны «кетті» десе, басқалары ол ұйықтап жатыр немесе жаратқан әлемі жайлы ұмытты деп есептеген. Мирча Элиаде мұндай Құдай түсінігін «демалушы Құдай» деп атайды.



Діндердің шығу тегі

Ғылыми таным бізді ең алдымен физикалық, яғни материалдық әлемге назар аударуға бағыттады. Қазір жан өзін метафизика мен киелілік туралы мың жылдар бойы сақталып келген сезімін жоғалтып алды. Ғайып әлемі туралы сезімімен бірге бүгін де әлемде әлдебір тылсым киелі күш бар деген түсінік те жоғалып барады.

Киелілік – сакральдылық

Киелілік барлық нәрседе көрініс таба алады: табиғи ландшафт, тау, тас, даладағы жалғыз ағаш, шөлейт мекендегі бұлақ сонымен қатар, киелі аңдар, шөп және т.б. табиғаттың мұндай киелілік қатары негізінен пантеизмге тән. Скандинавиялық мистик Фритъоф Шюон: «Үндістер тылсым болмыстар мен құдайлық сипатты түрлі жануарлар мен табиғат феномендері негізінде түйсінеді». Ал үндіс мистигі Бхагван Раджниш болса, «Терең медитацияда ағаштардың, жануарлар, құстар мен тау-тастың сізге тең екендігін сезінесіз». Ислам сопылары арасында да Құран мен хадиске сүйенген ұқсас көзқарастар бар.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Мифология деген не? Оның дәстүрлі мәдениеттегі орны қандай?
2. Сөздікті қолдана отырып, «кие», «сұс», «сес», «айбар», «мыс» сөздерін талдаңыздар.
3. Жаңа жылдық рәсімдерді, мысалы Наурыз, немесе өзге халықтардың карнавалдық мерекелерін ретсіздік пен тәртіптің бейнесі ретінде талдаңыздар.
4. М. Элиаде зерттеулеріндегі «өлтірілген Құдай» түсінігін зерделеңіз. Әртүрлі халықтар мифологиясынан мұндай Құдайларға мысалдар келтіріңіздер. Иисустың христиандықтағы рөлімен салыстырыңыздар.
5. «Алпамыс» эпосының нұсқаларына сүйене отырып, Алпамыстың көк бөрісі ретіндегі тотемдік табиғатын дәлелдеңіздер.

Бақылау сұрақтары

1. Алғашқы монотеизм теориясының авторы кім ?
2. Бастапқы монотеизм туралы ислам не дейді?
3. «Демалушы құдай» деген не?
4. Тәңірді түркі-моңғол халықтарының «меншігі» деуге бола ма?
5. Жаңа жылдық мейрамдардың мифологиялық мәні неде?
6. Пантеизм политеизмнен немен ерекшеленеді?
7. Мифологиядағы «әлем кіндігі» деген не?
8. Құдай-Ана культі қашан пайда болды, ол немен байланысты?

Қосымша ресурстар

1. Элиаде М., Кулиано М. Словарь религий, обрядов и верований. Санкт-Петербург, Университетская книга, 1997.
2. Элиаде М. Аспекты мифа. Главы 2-4. Москва, 2000.
3. Кондыбай С. Закон чести // Кондыбай С. Мифология предказахов. Книга первая. – Алматы, 2011. Перевод с казахского языка Зиры Наурзбаевой.